

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

### «КазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ 2012 жылдың алғашқы алты айындағы қаржылық нәтижелері

Астана, 14 тамыз 2012 жыл. «КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ», «Компания») 2012 жылдың 30 маусымында аяқталған жарты жылдық мерзімге арналған аралық қысқартылған топтастырылған қаржылық есепті жариялайды.

- Ішкі нарыққа жеткізілетін өнім құнының артуына байланысты, экспортқа шығарылатын көлемнің төмендеуімен ішінара өтелген кіріс 399 млрд. теңгені (2 690 млн. АҚШ доллары)<sup>1</sup> құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткішпен шамалас.
- Таза пайда 121 млрд. теңгені (820 млн. АҚШ доллары), бір акцияға шаққандағы пайда 1 740 теңгені (бір ЖДҚ үшін 2,0 АҚШ доллары) құрады, осылайша 2011 жылдың аталған кезеңімен салыстырғанда 6% және 10% артты.

#### Өндірістік көрсеткіштер

2012 жылдың алғашқы алты айында ҚМГ БӨ «Казгермұнай» БК» ЖШС (бұдан әрі – Казгермұнай, ҚГМ), ССЕЛ (бұдан әрі – Қаражанбасмұнай, ССЕЛ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (бұдан әрі – ПҚИ) компанияларындағы үлестерін есептегенде, 6 057 мың тонна (тәулігіне 247 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 4%-ға кем.

«Өзенмұнайгаз» АҚ (бұдан былай «ӨМГ») 2 467 мың тонна (тәулігіне 100 мың баррель) өндірді, бұл 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 266 мың тоннаға кем. «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан былай – «ЕМГ») 1 376 мың тонна (тәулігіне 56 мың баррель) өндірді, бұл 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 7 мың тоннаға кем. 2012 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы ӨМГ мен ЕМГ жалпы өндіру көлемі 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7%, және жоспарланған деңгейден 363 мың тоннаға кем.

ӨМГ өндіріс көрсеткіштерінің төмендігіне себеп болған 2012 жылдың алғашқы тоқсанындағы қолайсыз ауа-райы, 2011 жылы ұзаққа созылған наразылық акциясына байланысты ұнғылардың тұрып қалуының салдары, және құрылғылар мен инфрақұрылымның ескіруі.

Өндіріс динамикасын және бірінші жарты жылдықтың нәтижелерін ескере отырып, Компания 2012 жылғы ӨМГ өндіріс жоспарына өзгеріс енгізеді. Бұған дейін өндірістік жоспар 5 800 мың тонна деңгейінде белгіленсе, жанарған жоспар бойынша ӨМГ 2012 жылы 5 000 мың тонна мұнай өндіреді деп күтілуде.

Компания ЕМГ бұған дейін 2012 жылға белгіленген 2 815 мың тонна (тәулігіне 57 мың баррель) жоспарды орындайды деп есептейді. Осылайша, 2012 жылы ӨМГ және ЕМГ жалпы өндіріс көлемі 2011 жылғы көрсеткішпен шамалас болады деп күтілуде. Ал, Компания 2012 жылы бастаған модернизация бағдарламасы болашақта өндіріс көрсеткіштерінің өсуіне, өндіріс тиімділігінің артуына негіз қалауы тиіс.

<sup>1</sup> Сомалар АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп, жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы (2012 жылы бірінші жартыжылдығында 148,16 теңге/ АҚШ долл., 2011 жылдың бірінші жартыжылдығында 146,00 теңге/АҚШ долл. кезең соңында бағам: 2012 жылыдың 30 маусымындағы 149,42 теңге/АҚШ долл., 2011 жылдың 31 желтоқсаны 148,40 теңге/АҚШ долл.) бойынша және жиынтық кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды.

ҚМГ БӨ-дің ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларындағы өндіру үлесі 2012 жылдың алғашқы алты айында 2 215 мың тоннаны (тәулігіне 91 мың баррель) құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңіндегімен салыстырғанда 1 % артық. ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының 2012 жылғы өндіріс жоспарлары өзгеріссіз қалады.

### **Мұнай мен мұнай өнімдерін сату**

2012 жылдың алғашқы алты айында ӨМГ және ЕМГ мұнай сатылымының экспорттық көлемі 3 011 мың тоннаны (тәулігіне 122 мың баррель) құрады, ішкі нарыққа 960 мың тонна (тәулігіне 39 мың баррель) жөнелтілді. Осылайша, ӨМГ мен ЕМГ жалпы сату көлемі 3 970 мың тоннаны (тәулігіне 161 мың баррель) құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5% кем.

ҚМГ БӨ компаниясының ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының мұнай сатылымындағы үлесі 2 237 мың тоннаны (тәулігіне 93 мың баррель) құрады, оның 1 530 мың тоннасы (тәулігіне 64 мың баррель) экспортқа жіберілді. ПҚИ мұнай сатылымының көлемі мұнай өнімдерінің сатылымын қоса есептелген.

### **Көрсетілген мерзімдегі таза пайда**

2012 жылдың алғашқы алты айында таза пайда 121 млрд. теңгені (820 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 6% артық. Бұған себеп – экспортқа шығарылатын және ішкі нарыққа жөнелтілетін мұнай бағасының қымбаттауы, сату шығындары мен әкімшілік шығындардың кемуі, валюта бағамының айырмашылығынан түскен пайда, Үкіметпен арадағы 2012 жылға арналған келісім бойынша ішкі нарықтағы бағаның өсуі, бұл экспорт көлемдерінің төмендеуімен ішінара өтелді.

### **Ақша түсімі**

2012 жылдың алғашқы алты айында қаржы түсімі 399 млрд. теңгені (2 690 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл көрсеткіш 2011 жылдың осындай кезеңімен шамалас. Бұл ішкі нарықтағы бағаның былтырғы жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 33% артуына байланысты. Осылайша, экспорт көлемінің азаюы түгелдей теңгерілді. Ішкі нарықта сатылатын мұнай бағасының өсуі «Өзенмұнайгаз» АҚ шығындарының артуына байланысты Үкіметпен арада жасалған 2012 жылы ішкі нарыққа жөнелтілетін өнімнің бағасын арттыру туралы келісімнің нәтижесі.

### **Кіріс салығынан басқа салықтар**

Кіріс салығынан басқа салықтар 2012 жылдың алғашқы алты айында 144 млрд. теңгені (974 млн. АҚШ доллары) құрады, 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бұл 11%-ға кем. Көрсеткіштің кемуі өндіріс көлемі мен экспорттың азаюына байланысты.

### **Өндірістік шығындар**

2012 жылдың алғашқы алты айында өндірістік шығындар былтырғымен салыстырғанда 10%-ға өсіп, 69 млрд. теңгені құрады (467 млн. АҚШ доллары). Бұл өсімнің басым бөлігі жылдық индексикацияға байланысты 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қызметкерлерге төлемдердің артуына, сатылмаған мұнай көлемінің азаюына байланысты, шығындар жөндеу жұмыстарының азаюымен ішінара теңгеріледі.

## **Сату шығындары және әкімшілік шығындар**

2012 жылдың алғашқы алты айында сату шығындары және әкімшілік шығындар 47 млрд. теңгені (318 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 21%-ға төмен. Бұл айыппұлдар мен өсімпұлдардың азаюына, әлеуметтік жобаларға арналған шығынның азаюына, «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ («ҚМГ»ҰК») басқару гонорарлар шығынының азаюына, сонымен қатар тасымалданатын мұнай көлемінің азаюына қатысты мұнай тасымалдау шығындарының азаюына байланысты. Сату және әкімшілік шығындарының азаюы қызметкерлерге төленетін сыйақылардың артуымен өтелді.

## **Айыппұлдар мен өсімпұлдар**

2012 жылдың 12 шілдесінде қаржы министрлігінің салық комитеті ҚМГ БӨ 2006-2008 жылдардағы салықтарын тексеру жұмысын тәмамдады. Қауымдастыққа салық тексеруінің акты тапсырылды, құжатта қосымша 16 938 млн. теңгені (соның ішінде 5 800 млн. теңге – салық сомасы; 7 160 млн. теңге – әкімшілік айыппұл және 3 978 млн. теңге – өсімпұл сомасы) төлеу көрсетілген. Осы акттың негізінде 2012 жылдың 12 шілдесінде Компания аталған соманы төлеуді талап ететін хабарлама алды. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ тексеру нәтижелері бойынша қаржы министрлігінде шағымдануда.

## **Операциялық қызметтен ақша ағымдары**

Операциялық қызметтен ақша ағымдары 2012 жылдың алғашқы алты айында 91 млрд. теңге (612 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5% артық. Бұл өсім экспортқа шығарылатын және ішкі нарықта сатылатын мұнай бағасының қымбаттауына, сату және әкімшілік шығындардың азаюына байланысты болды, алайда экспорт көлемінің азаюымен ішінара өтелді.

## **Күрделі салымдар**

2012 жылдың алғашқы алты айында күрделі салымдар (ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу) 46 млрд. теңгені (310 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңіндегіден 1 %-ға кем.

## **Ақша қаражаттары және займдар**

2012 жылдың 30 маусымында ақша қаражаттары мен олардың баламаларының сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 207 млрд. теңгемен (1,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 114 млрд. теңге (0,8 млрд. АҚШ доллары) құрады.

2012 жылдың 30 маусымындағы басқа да қаржы активтерінің сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 511 млрд. теңгемен (3,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 692 млрд. теңге (4,6 млрд. АҚШ доллары) құрады. Басқа қаржы активтері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы шығарған қарыз құралын (бұдан әрі Облигация), депозиттерді және басқа да қаржы құралдарын қамтиды. 2012 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша ҚМГ ҰК Облигациялар сомасы 189 млрд. теңге (1,3 млрд. АҚШ доллары) құрайды.

2012 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен қаржы активтерінің (Облигацияны қосқанда) 77 %-ы шетел валютасында, ал 23%-ы теңгеде қайта номинацияланды. Ақша қаражаттары мен қаржы активтері бойынша есептелген қаржылық кіріс (Облигацияны қосқанда) 2012 жылдың алғашқы алты айында 16,9 млрд. теңге (114 млн. АҚШ доллары) құрады.

2012 жылдың 30 маусымы күнгі Компания займдарының сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсаны күнгі жағдаймен салыстырғанда 2% артып, 90 млрд. теңгені (600 млн. АҚШ доллары) құрайды. Займдар сомасы ҚМГ ПҚИ Финанс Б.В. компаниясының 82 млрд. теңге (549 млн. АҚШ долларын) қарызын қамтиды, бұл қарызды Компания 2012 жылдың 5 шілдесінде мерзімінен бұрын төледі.

Таза ақша қаражаттарының сомасы<sup>2</sup> 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 629 млрд. теңгеге (4,2 млрд. АҚШ доллары) қарағанда, 2012 жылдың 30 маусымында 716 млрд. теңге (4,8 млрд. АҚШ доллары) құрады.

### **Стратегиялық сатып алулардың үлесі**

2012 жылдың алғашқы алты айында қауымдасқан компаниялардағы және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлестерден түскен кіріс 41 млрд. теңгені (276 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың сәйкес кезеңіндегімен салыстырғанда 16% кем, бұл экспорт көлемінің азаюы мен салықтың көбеюіне байланысты, және мұнай бағасының қымбаттауымен ішінара теңгеріледі.

### **Қазгермұнай**

2012 жылдың алғашқы алты айында ҚМГ БӨ Қазгермұнай компаниясындағы үлесінен 21 млрд. теңге (140 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті есебіне енгізді. Аталған сома Қазгермұнайдың таза пайдасындағы Компанияның 24 млрд. теңге (163 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі 50% үлесін және 0,4 млрд. теңге (3 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кейінге шегерілген табыс салығы амортизациясынан 3,8 млрд. теңге (26 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнынан сатып алу бағасының артуына амортизация тиімділігін алып тастағанда шығады.

2012 жылдың алғашқы алты айында ҚМГ таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11% кеміді, бұл негізінен, экспорт көлемінің азаюы мен салық төлемдерінің артуына байланысты.

### **ПетроҚазақстан Инк.**

2012 жылдың жарты жылдығында ҚМГ БӨ ПҚИ компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 21 млрд. теңге (140 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома ПҚИ-дің таза пайдасындағы Компанияның 27 млрд. теңге (180 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі 33% үлесінен 6 млрд. теңге (41 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнының сатып алу бағасының артуына амортизация тиімділігі сомасын алып тастағанда шығады.

2012 жылдың алғашқы алты айында ПҚИ таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13% кеміді, бұл экспорт көлемінің азаюына байланысты.

-----  
<sup>2</sup> Есеп беріліп отырған мерзімнің соңындағы займ сомаларын алып тастағандағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары және басқа да қаржылық активтер (Облигацияны қосқанда) сомасы ретінде есептеледі

### **CCEL**

Компания 2012 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша өзінің балансында 21 млрд. теңгені (141 млн. АҚШ долларын) қытайлық CITIC Group компаниясымен бірлесіп

бақылайтын кәсіпорын CCEL компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті. 2012 жылдың алғашқы алты айында ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL компаниясынан алынатын жылдық басымдықты кірістің бір бөлігін білдіретін 1,4 млрд. теңге (10 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі пайыздық кірісті есептеді.

2012 жылдың 30 маусымында аяқталған мерзімге арналған қысқартылған топтастырылған аралық қаржылық есеп, сондай-ақ қаржылық жағдайдың талдауы мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері Компанияның Интернет-сайтында ([www.kmgcp.kz](http://www.kmgcp.kz)) жарияланатын болады.

---

Қосымша <sup>3</sup>

Жиынтық кіріс туралы топтастырылған қысқартылған есеп (тексерілмеген)

<i>Миллион теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған үш айға арналған		30 маусымда аяқталған алты айға арналған	
	2012	2011	2012	2011
Кірістер	191.690	208.534	398.543	400.058
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	15.158	26.889	40.905	48.579
Қаржылық кіріс	11.344	7.711	16.906	15.375
<b>Түсім мен басқа кірістердің жиыны</b>	<b>218.192</b>	<b>243.134</b>	<b>456.354</b>	<b>464.012</b>
Өндірістік шығындар	(38.168)	(33.036)	(69.120)	(62.698)
Сату және әкімшілік шығындары	(26.952)	(33.880)	(47.091)	(59.264)
Барлау шығындары	(3.028)	(629)	(4.326)	(678)
Ескіру, тозу және амортизация	(13.022)	(10.811)	(25.592)	(21.584)
Табыс салығынан басқа салықтар	(69.091)	(89.335)	(144.272)	(161.871)
Негізгі құралдарды шығарудан болған шығындар	(248)	(1.513)	(400)	(2.128)
Қаржыландыру шығындары	(1.470)	(2.079)	(2.973)	(3.789)
Бағамдық айырмашылық кірістері / (шығыстары)	6.774	2.323	4.256	(4.736)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>72.987</b>	<b>74.174</b>	<b>166.836</b>	<b>147.264</b>
Табыс салығы шығындары	(26.740)	(18.864)	(45.371)	(32.926)
<b>Кезеңдегі пайда</b>	<b>46.247</b>	<b>55.310</b>	<b>121.465</b>	<b>114.338</b>
Шетелдік операцияларды қайта санаудан бағамдық айырмашылық	2.089	800	1.504	(811)
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістер/ (шығыстар)</b>	<b>2.089</b>	<b>800</b>	<b>1.504</b>	<b>(811)</b>
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістердің жиыны</b>	<b>48.336</b>	<b>56.110</b>	<b>122.969</b>	<b>113.527</b>
БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА – мың теңге				
Базалық және молайтылған	0,67	0,77	1,74	1,58

## Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы қысқартылған аралық жиынтық есеп (тексерілмеген)

Миллион теңгемен	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
	2012	2011
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағымдары</b>		
Табыс салығына дейінгі пайда	166.836	147.264
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзетулер		
Ескіру, тозу және амортизация	25.952	21.584
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	(40.905)	(48.579)
Негізгі құралдарды шығару шығындары	400	2.128
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздануы	569	695
Нәтижесіз барлау ұңғымаларының шығындары	3.281	–
Опциондық бағдарлама бойынша шығыстарды тану	177	205
Операциялық емес қызметтен түскен бағамдық айырмашылықтың жүзеге аспаған шығындары	(4.129)	2.667
Басқа да ақшалай емес кірістер мен шығыстар	1.471	2.616
Қаржыландыруға плюс шығыстар	2.973	3.789
Инвестициялық қызметке жататын минус қаржылық кірістер	(16.906)	(15.375)
Айналымдағы капиталды түзету		
Басқа активтердегі өзгерістер	346	6.480
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер	6.180	3.043
Өтелетін ҚҚС мен салықтар бойынша алдын-ала төлемдегі өзгерістер	(269)	10.804
Болашақ кезеңдердің шығындарындағы өзгерістер	645	12.454
Сауда және басқа да дебиторлық қарыздардағы өзгерістер	(27.600)	(36.384)
Сауда және басқа да кредиторлық қарыздардағы өзгерістер	4.492	(12.652)
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салықтағы өзгерістер	5.278	22.644
Резервтердегі өзгерістер	6.092	1.471
Төленген табыс салығы	(43.799)	(38.491)
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары</b>	<b>90.724</b>	<b>86.363</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(42.169)	(45.464)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	797	395
Материалды емес активтерді сатып алу	(3.813)	(1.093)
Бірлескен кәсіпорындарда үлес сатып алу	-	(23.907)
Бірлескен кәсіпорынға берілген займ	(637)	(637)
Бірлескен кәсіпорындар мен еншілес компаниялардан алынған дивидендтер	43.635	29.028
«ҚМГ ҰК» қарыз құралына салынған инвестицияның өсімақысы	6.586	6.462
<b>Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>	<b>(164.094)</b>	<b>(54.416)</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Өзіндік акцияларды сатып алу	(17.945)	(10.199)
Займдарды өтеу	(831)	(541)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	(659)	(21.863)
<b>Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>	<b>(19.435)</b>	<b>(32.603)</b>
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын таза өзгерту	92.805	656
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	206.512	98.520
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша он/(теріс)бағамдық айырмашылық	(110)	(107)
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары</b>	<b>113.817</b>	<b>97.971</b>

## Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық топтастырылған есеп

миллионах тенгеде

	30 маусым 2012 (тексерілмеген)	31 желтоқсан 2011 (тексерілген)
<b>АКТИВТЕР</b>		
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>		
Негізгі құралдар	359.738	338.860
Материалды емес активтер	22.374	26.638
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	107.500	116.526
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	140.782	133.228
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	18.490	18.138
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын займдар	9.517	8.494
Басқа да қаржылық активтер	1.034	188.803
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	13.963	9.450
Басқа активтер	17.743	19.593
<b>Ұзақ мерзімді активтер жиыны</b>	<b>691.141</b>	<b>859.730</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>		
Тауар-материалдық қорлар	16.638	22.651
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлеу	6.876	9.971
Салықтар мен ҚҚС өтеуге алдын-ала төлем	23.007	22.738
Алдағы кезеңдердің шығындары	11.410	12.054
Сауда және басқа да дебиторлық қарыз	112.093	84.126
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	2.574	1.361
Басқа да қаржы активтер	690.657	321.890
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	113.817	206.512
<b>Ағымдағы активтердің жиыны</b>	<b>977.072</b>	<b>681.303</b>
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1.668.213</b>	<b>1.541.033</b>
<b>КАПИТАЛ</b>		
Жарғылық капитал	181.133	198.452
Басқа резервтер	2.301	2.124
Бөлінбеген пайда	1.114.977	1.083.749
Басқа капитал құрамы	15.858	14.354
<b>Капитал жиыны</b>	<b>1.314.269</b>	<b>1.298.679</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер</b>		
Займдар	5.154	33.034
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	1.392	2.049
Резервтер	39.381	37.846
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>45.927</b>	<b>72.929</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>		
Займдар	84.486	54.931
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық	56.187	50.908
Сауда және кредиторлық қарыз	143.220	48.680
Резервтер	24.124	14.906
<b>Ағымдағы міндеттемелер жиыны</b>	<b>308.017</b>	<b>169.425</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>353.944</b>	<b>242.354</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>	<b>1.668.213</b>	<b>1.541.033</b>



Төменде 2011 және 2012 жылдың 30 маусымында аяқталған, көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген:

1п. 2012, (доллар /барр)	ӨАС	КҚК	Ішкі.
Жарияланатын нарықтық баға <sup>1</sup>	113,64	113,64	-
Сату бағасы	109,01	110,40	34,79
Сапа банкі	-	(7,59)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	0,24	8,89	-
<b>Сатылған баға<sup>2</sup></b>	<b>109,25</b>	<b>111,70</b>	<b>34,79</b>
Ренталық салық	(24,39)	(24,42)	-
Экспорттық кедендік салық	(5,52)	(5,08)	-
Көліктік шығындар	(7,64)	(7,04)	(1,11)
Сату бойынша комиссия	(0,04)	(0,04)	-
<b>Нетбэк</b>	<b>71,66</b>	<b>75,12</b>	<b>33,67</b>

1п. 2011, (доллар /барр)	УАС	КТК	Внутр.
Жарияланатын нарықтық баға <sup>4</sup>	111,09	111,09	-
Сату бағасы	105,34	109,50	26,48
Сапа банкі	-	(9,05)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	(0,10)	9,18	-
<b>Сатылған баға<sup>5</sup></b>	<b>105,24</b>	<b>109,63</b>	<b>26,48</b>
Ренталық салық	24,47	24,43	-
Экспорттық кедендік салық	9,34	9,34	-
Көліктік шығындар	7,66	7,62	1,45
Сату комиссиясы	0,07	0,07	-
<b>Нетбэк</b>	<b>63,69</b>	<b>68,17</b>	<b>25,03</b>

Анықтамалық ақпарат	1 п. 2012	1 п. 2011
Кезеңге орташа бағам US\$/KZT	148,16	146,00
Кезең соңындағы бағам US\$/KZT	149,42	146,25
ҚМГ БӨ үшін баррельдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,36
Қазгермұнай үшін баррельдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,70
ССЕЛ үшін баррельдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		6,68
ПКИ үшін баррельдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,75

<sup>1</sup> Нарықтық баға ретінде Brent (DTD) мұнай котировкасы қолданылды

<sup>2</sup> Қаржылық есеп бойынша баға бір тонна мұнай үшін 7,23 коэффициенті бойынша алынды

## АНЫҚТАМА

**ҚМГ БӨ** мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай») және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2011 жылы 12,3 млн. тоннаны (тәулігіне 250 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша 226 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,1 млрд. жуық баррелді құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде және 2011 жылдың қыркүйегінде GAMMA корпоративтік басқару рейтингін «GAMMA-6» деңгейінде растады.

### **Байланыстық ақпарат:**

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 78 87)

Бақдәулет Төлеген

e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 5433)

Әсел Қалиева

e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

Pelham Bell Pottinger (+44 207 861 3147)

Елена Добсон

e-mail: [edobson@pelhambellpottinger.co.uk](mailto:edobson@pelhambellpottinger.co.uk)

### **Болашаққа қатысты мәлімдеме**

*Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.*